

Павлодар облысының білім беру мбасқармасы, Железин ауданы  
білім беру бөлімінің “ Еңбекші негізгі жалпы білім беру мектебі”  
КММ

Ата -аналар жиналысының  
ХАТТАМАСЫ №1

Жалпы ата - аналар саны: 6

Қатысқандар: 1.К.Т.Байсарина

2. А.С.Ибрагимова

3. Г.Е.Кислых

4. М.А.Смаилова

5. К.К.Нурсарина

6. Г.М.Сафарбай

Қатыспағандар: 0

Жиналысты өткізу уақыты: 14.11.2025ж.

**Күн тәртібі**

1. ББЖМ өткізілу мақсаты мен ерекшеліктері
2. Білімдегі олқылықтарды анықтау және жою жұмыстары
3. Ата-аналармен бірлескен әрекет

**Тыңдалды :**

ББЖМ-ның негізгі мақсаты – оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін анықтау және білім сапасын арттыруға бағытталған нақты шараларды белгілеу.

Атап айтқанда:

- Оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін анықтау
- Білімдегі олқылықтарды дер кезінде табу
- Оқу бағдарламасының меңгерілу сапасын бағалау
- Мұғалімдердің оқыту әдістерінің тиімділігін саралау
- Оқушыларды өмірлік жағдаяттарда білімін қолдана білуге үйрету

ББЖМ – бұл емтихан емес, ол бақылау және талдау жұмысы, яғни оқушыны бағалау үшін емес, білім сапасын жақсарту үшін өткізіледі.

**БІЛІМДЕГІ ОЛҚЫЛЫҚТАРДЫ АНЫҚТАУ**

Оқушылардың білім деңгейіндегі кемшіліктерді анықтау үшін мектепте жүйелі түрде төмендегі жұмыстар жүргізіледі:

Диагностикалық жұмыстар

ББЖМ, тест, бақылау жұмыстары арқылы нақты қай тақырыптарда қиындық бар екені анықталады

Кателерді талдау

Әр оқушының жіберген кателері сараланып, жиі кездесетін мәселелер белгіленеді

Жеке мониторинг жүргізу

Әр оқушы бойынша жеке карта (бақылау парағы) жасалып, даму динамикасы бақыланады

Пәндер бойынша талдау

Оқу сауаттылығы, математикалық және жаратылыстану бағыттарында бөлек қарастырылады.

Ата-аналарға ұсыныстар берілді:

- Баланың күнделікті оқуын бақылау
- Үй тапсырмасын орындауына жағдай жасау
- Кітап оқу дағдысын қалыптастыру
- Онлайн тесттер арқылы дайындық жүргізу
- Мұғаліммен тұрақты байланыста болу

Ата-аналар тарапынан сұрақтар қойылып, ұсыныстар айтылды.

#### **ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ:**

- ББЖМ нәтижелері бойынша жүйелі жұмыс жүргізілсін
- Әр оқушыға жеке қолдау көрсету ұйымдастырылсын
- Ата-аналар тарапынан бақылау күшейтілсін
- Қосымша сабақтарға қатысу міндеттелсін
- Білім сапасын арттыру мақсатында мектеп пен ата-ана ынтымақтастығы нығайты

Ата -аналар комитетінің төрайымы:

*Сади*

Г.М.Сафарбай

Хатшы:

*Мурат*

К.К.Нурсарина